

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының
№5 хаттамасы**

2023 жыл «24» тамыз
ауылы

Қарауылкелді

Отырысқа шақырылғандар: Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 7 адам, сонымен қатар Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қ.Жақасов, Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы КММ-нің басшысы Д.Нұрлыбекұлы, Жастар ресурстық орталығының басшысы Е.Мәтжан қатысты.

Күн тәртібінде:

1. «Байғанин аудандық ішкі саясат» бөлімінің атқарған жұмыстары туралы
2. Дін орталығының атқарған жұмыстары туралы
3. «Жастар ресурстық орталығының » атқарған жұмыстары туралы

Б.Тажімұратов

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 7 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша сөз Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қ.Жақасовқа беріледі.

Тыңдалды: Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қ.Жақасовтың баяндамасы (*баяндама қоса жалғанды*)
Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Тажімұратов Б: Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша Байғанин ауданы дін саласында ақпараты түсіндіріп және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде дін мекемесі бар емес па ?

Жауап:Қ.Жақасов Ол мекеме мемлекеттік мекеменің әкімшілігі болғаннан кейін ақша бізге беріледі ішкі саясат бөлімі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында мемлекеттік сатып алуға жариялайды.Кәзіргі уақытта «Ансар» Байғанин қоғамдық бірлестігі ұтты жұмыстар атқарып жатыр.

Сұрақ –Тажімұратов Б: Жайдарман және әкім кубогі ішкі саясат бөліміне қандай қатысы бар?

Жауап: Жақасов Қ Ішкі саясат бөлімі жастар біздің құрамымызда, мемлекеттік сатып алуға біз салу керекпіз сол себепті бізге қарасты.

Сұрақ –Төлеу Н: Жайдарман және әкім кубогі ішкі саясат бөліміне қарасты ма әлде барлық ауылдық округтерде жасалады ма?

Жауап:Жақасов Қ Барлық ауылдық округтер қамтылады Байғанин ауданы бойынша.Мысалы 7 семинар өткізу керек болса басқа округтерде құқық бұзушылық көбейіп тұрса сол округтерге жіберемін.

Тыңдалды: Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы КММ-нің басшысы Д.Нұрлыбекұлының баяндамасы тыңдалды (*баяндама*

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Тажімұратов Б: Мектепте хиджап мәселесі бойынша кедергілер барма?

Жауап:Нұрлыбекұлы Д Мектептегі хиджап мәселесі бойынша 2021 жылы көтеріліп Ақтөбе және Шымкент қаласында арнайы мектеп ашылып оқушылар сол мектепке жіберілген болатын. Ауданда мектепке хиджап пен кіріп жүрген оқушы жоқ. Мектептің формасын ұстануда түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр ешқандай қиындық жоқ.

Сұрақ –: Тажімұратов Б Дін қызметкерлерінің балалары мектепке қалай қатысады?

Жауап:Нұрлыбекұлы Д Мектеп формасына сай киінеді, ешқандай мәселе болған жоқ.

Сұрақ –: Мырзағалиева К Мешітте сабақ өткізіліп жатырғанын көргенмін заң аясындама, рұқсаты барма?

Жауап:Нұрлыбекұлы Д Арнайы бекітілген ұстазы келіп оқытады. Рұқсат етілген сертификаттары бар.

Сұрақ –: Төлеу Н Салынып жатырған діни мекеме не болды?

Жауап: Нұрлыбекұлы Д Заң аясында заңдық талаптарын алғаннан кейін ашылады, ашылса Ислам мәдени орталығы болып ашылады.

Тындалды: Жастар ресурстық орталығының басшысы Е.Мәтжанның баяндамасы тындалды (*баяндама қоса жалғанды*)

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ –Тажімұратов Б: Баяндамада жалпы 9033 адам деп тұрсын соның қанша пайызы жұмыспен қамтылған?

Жауап: Мәтжан Е Жұмыспен қамтылғандары 2483 адам саны.

Сұрақ –Тажімұратов Б: Жайдарман ойыны ауылдағы мәселелерді әзілмен жеткізетіндей болса?


Жауап: Қ.Жақасов Тамыз айының 8-і күні жайдарман ойындары өткізілді ойын барысында ауыл ішіндегі мәселелер көтерілді.

Төраға



Б.Тажімұратов

Хатшы



Ж.Көшкінбай